

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** ТОО "Умняшка" Ясли сад

**Топ:** «Непоседы» средняя разновозрастная группа

**Балалардың жасы:** 3 -4 жастан.

**Жоспардың құрылу кезеңі:** сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"><li>- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;</li><li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;</li><li>- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту.</li></ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс</p>

		<p>алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінуді үйрету.</p>
--	--	--